

ӨОЖ 81'1:81'36

Э.Н.Ажарбекова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

### **Белгілілік/белгісіздік мәннің белгісіз жақ, белгісіз мүше арқылы берілуі және контекстке қатысы**

Қазақ тіл білімі үшін белгілілік/белгісіздік категориясы шешілмеген мәселе болып табылады. Мақалада қазақ тіліне қатысты белгілілік/белгісіздік ұғымдарының фактілері қарастырылды және талданды. Қазақ тілі материалы бойынша бұндай семантика белгісіз жақ, сөйлемнің белгісіз мүшесі және контекст негізінде көрінетіндігі айқындалды.

*Кілтімі сөздер:* жай сөйлем синтаксисі, жалпылама жақты сөйлем, белгілі жақты сөйлем, белгісіз жақты сөйлем, толымсыз сөйлем, тіл білімі, «белгілілік» ұғымы, «белгісіздік» ұғымы, жақтық көрсеткіш.

Жай сөйлем синтаксисінде жалпылама жақты, белгілі жақты, белгісіз жақты, толымсыз сөйлемдер ғылыми тұрғыда қарастырылып, тіл біліміне берік енген мәселелер. Дегенмен осы жай сөйлемдердегі «белгілілік» пен «белгісіздік» ұғымдары әлі де болса қарастырылмай келеді.

Қазақ тілі синтаксисінің мамандары жай сөйлемді грамматикалық құрылымы тұрғысынан қарастырып, оларды бірнеше топтарға жіктеген және жеке-жеке анықтама берген. «Қазақ грамматикасында» жалпылама жақты сөйлемдер жайлы мынадай ой айтылады: «Кез келген тілдік тұлға нақты, тура мағынасынан басқа жалпылық та мағынаға ие бола алады. Осы заңдылық тұрғысынан келгенде белгілі бір жақтық жалғау тура мағынасынан басқа жалпылық жақты білдіретін мәнге де ие бола алады, яғни абстракцияланады. Дәлірек айтсақ, сөйлемнің бас мүшесі қандай жақтық көрсеткішпен берілгеніне қарамастан, тыңдаушы (оқырман) сөйлем мазмұнынан сол хабардағы іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың өзіне де, сөйлеушіге де, бөгде жаққа да қатысы бар екенін ұғынады. Сонда «жалпылық» деген ұғым іс-әрекетке ие бола алатындай сан мыңдаған субъектілердің бәрін емес, солардың ішінен тек I, II, III-жақтардың ғана белгілі бір қимыл-әрекетке қатысты бола алуын білдіру болып табылады... *Жер үстінде адам баласы бола алудан артық не бар дейсің* (Ғ.Мүсірепов). *Келбетті келгеннен кеңес сұра* (мақал).

Сөйтіп, бас мүшесі белгілі бір жақтық тұлғада тұрғанымен (көбінесе II-жақ, ішінара I және II-жақтарда), сөйлем семантикасы жалпыланған жақтық мәнді білдіретін, соған сай іс-әрекет үш жаққа тән болып көрінетін бір негізді сөйлем түрін жалпылама жақты сөйлем дейміз» [1; 678].

Берілген анықтамадан байқайтынымыз, жалпылама жақты сөйлемдердегі іс-қимыл тыңдаушыға да, айтушыға да, өзге жаққа да қатысты. Дегенмен, іс-қимылдың нақты қай жаққа тиісті екені белгісіз. Міне, осыдан келіп белгісіздік мән туындайды. Мысалы: *Адам қашан өзінің алақандай төріне көңілі толғанда ғана пейілі кеңітінін, кісінің өз пейілі кеңімей тұрып, жер де, ел де кеңімейтінін, шанышылған бас пен шанышылған сүйектің ешбір елге ешқашан да шекара бола алмайтынын, адам өз бауырындағы бала мен өз қойнындағы жарын жарылғай алмай тұрып, көрші-көлеміне көңілі жібімей тұрып еш жақсылық жасай алмайтынын айт* (Ә.Кекілбаев). *Кішкентай көздерді не істесең де ірі істеп таңғалтасың* (Ә.Кекілбаев). Осы сөйлемдердің бас мүшелерінің, яғни предикаттарының, бірі II-жақтық жіктік жалғауының нөлдік формасы, екіншісі –*сың* формасы (*таңғалтасың*) арқылы жасалған. Алайда бұл II-жақтағы жіктік жалғауы тура мағынасынан ауытқып жалпылық мәнге ие болған. Яғни сөйлемдердегі іс-қимыл үш жаққа бірдей қатысты. Дегенмен, бұл

сөйлемдердегі іс-әрекет қай жаққа тәуелді екендігінің нақтыланбауынан белгісіздік мән туындайды. Сондай-ақ *Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады* (мақал). *Оңға келдім — ойнадым, қызығына тоймадым, Жиырмаға келдім — бойладым, онда да балалықты қоймадым* (Жетес би) тәрізді сөйлемдер бойында да белгісіздік мән бар. Себебі алғашқы сөйлемнің баяндауышы III-жақтағы (*шешен болады*), екінші сөйлемнің баяндауышы I-жақтағы (*ойнадым*) жіктік жалғауын жалғаса да, ондағы іс-әрекет тыңдаушыға да, айтушыға да, өзге жаққа да қатысты болып, жалпылық мәнге ие болған. Осы жалпылықтан келіп белгісіздік мән туындайды. Яғни жалпылық мәндегі жалпылыма жақты сөйлемдер бойында белгісіздік мән бар сияқты.

Белгісіз жақты сөйлемге «Қазақ грамматикасында»: «Бас мүшесі III-жақтық тұлғада келіп, іс-әрекет иесі белгісіз жақ болатын, тек іс-әрекеттің орындалуы жайында хабар білдіру мақсатын көздейтін бір құрамды сөйлем түрін белгісіз жақты сөйлем дейміз» [1; 679] деген анықтама берілген. Ғалым М.Балақаев грамматикалық бастауышы ерекше айтылмайтын, істелген іс-әрекет белгісіз субъектілерге тән болып ұғынылатын сөйлемдерді белгісіз жақты сөйлемдер деп көрсетеді [2; 225]. Берілген анықтамалардан аңғарғанымыздай, белгісіз жақты сөйлемдерде іс-әрекеттің орындалуы жөнінде хабар бар да, ал сол іс-әрекеттің субъектісі белгісіз. Яғни мұндай сөйлемдерде белгісіздік мән жақ белгісіздігінен айқын аңғарылады. Мәселен, *Таразының суығындай төбе құйқана дейін шіміркендіріп барады* (Ә.Кекілбаев) деген сөйлемнің предикаты (*шіміркендіріп барады*) III-жақтық тұлғада тұр. Іс-әрекет иесі белгісіз. Сонымен қатар *Ондай бөгденің қызылына сұғынған, қомағай көзге құм құяды* (Ә.Кекілбаев) және *Енді, міне, жылдап-жылдап жүріп қайтадан алыс жорықтардың да бұдан былай ауырға түсетінін мықтап сездіріп келеді* (Ә.Кекілбаев) деген сөйлемдердегі субъект белгісіз. Осы тәрізді іс-әрекет иесі белгісіз болатын белгісіз жақты сөйлемдер бойында да белгісіздік мән бар. Мұндағы белгісіздік мән субъектінің белгісіздігінен туындайды.

Жақ белгісіздігі жанама жақты (жақсыз) сөйлемдердің бойында да бар. Синтаксис маманы М.Балақаев жақсыз сөйлемге қатысты: «Бастауышы жоқ, оның орны жоқталмайтын, айтылған іс-әрекет баяндауыш арқылы үш жаққа бірдей ортақ ұғымда жұмсалатын сөйлемдер жақсыз сөйлем болады» [2; 223] деген ой айтады. «Қазақ грамматикасында» жақсыз сөйлемнің төмендегі басты белгілері көрсетілген: 1) тек бір ғана бас мүшесі — баяндауышы болады; 2) баяндауыштың арнаулы тұлғадағы өзгеше құрылымы грамматикалық бастауыштың болуына мүмкіндік бермейді; 3) субъекті — жақтық мән арнаулы септік жалғаулы сөздерден, баяндауыш, құрамындағы тәуелдік жалғаулы сөздерден немесе контекстен логикалық ыңғайда аңғарылып тұрады. Кейде баяндауыштағы ырықсыз етіс тұлғасы арқылы іс-әрекет ешбір субъектіге қатыссыз модельдік мағынада беріледі [1; 679]. Сонымен қатар мынадай анықтама берілген: «Грамматикалық бастауышы жоқ, субъект мәні арнаулы септік не тәуелдік жалғаулы сөздер арқылы логикалық ыңғайда байқалатын немесе мүлде көрінбейтін бір негізді сөйлем түрін жанама жақты сөйлем дейміз» [1; 279]. Берілген ойтұжырымдардан мынаны байқаймыз: іс-әрекет субъектісі жоқ жанама жақты сөйлемдердің бойында белгісіздік мән болады. Бұл ойымызды төмендегі сөйлемдер арқылы қарастырып көрейік: *Мынау елдің бұл ісін аяқсыз тастап болмайды* (М.Әуезов). *Бұл екеуінің қайсысын таңдаған дұрыс* (Д.Исабеков). *Сол құмарланып жиган қазынамызды көбейтпек керек* (Абай). *Қайта соларға қолы батыл жасты салу керек* (М.Әуезов).

Келтірілген мысалдарда предикаттар әр түрлі тұлғада келген. Алғашқы сөйлем баяндауышы көсемше тұлғалы етістікке «бол» көмекші етістігінің тіркесуі арқылы (тастап болмайды), екінші, үшінші сөйлем баяндауыштары *-ған, -пек* есімше тұлғалы етістікке «дұрыс», «керек» модаль сөздерінің тіркесуі арқылы (*таңдаған дұрыс, көбейтпек керек*), төртінші сөйлемнің баяндауышы тұйық етістікке «керек» сөзінің тіркесуі арқылы жасалған сөйлемдердің барлығына ортақ нәрсе — субъектінің болмауы. Осындағы жақ белгісіздігінен белгісіздік мән туындайды. Сонымен, белгісіз жақты сөйлемдердегі субъектінің болмауы ол сөйлемдерге белгісіздік мән үстейді.

Жоғарыда жақ белгісіздігінен туындайтын сөйлемдердегі белгісіздік мәні жайында сөз болды. Ал енді бір сөйлемдерде тұрлаулы не тұрлаусыз мүшелердің түсірілуінен белгісіздік мән туады. Ондай сөйлемдерге толымсыз сөйлемдер жатады. Ғалым М.Балақаев ойға қатысты мүшелері түгел айтылмаған олқы сөйлемдерді толымсыз сөйлемдер деп қарайды. Ондай толымсыз сөйлемдердің негізінде туындайтын белгісіздік мәнді төмендегі сөйлемдер арқылы қарастырып көрейік:

1. *Есіктен аттамай жатып:*

– *Босқындардың саны жүз мыңға жетті, — деді.*

– *Бесінге дейін біздің әскердің санынан асып кетуі мүмкін, — деді әмірлердің бірі* (Ә.Кекілбаев).

2. *Бұны салған қай шебер? — деп сұрады болмашы естілетін бәсең дауыс.*

– *Ортөбелік шебер, — деді бас ұстаның орнықты қоңыр даусы* (Ә.Кекілбаев).

3. Бұның оң жағында сыртын тайжарғақ пен қалың құранды қарсы алдындағы күміс тағанның үстіне қойып таспық тартып отырған ақсұр хазірет әңгімеге араласты.

– Уа, тақсыр, қара шыбындай быжынап, мынау жарық жалғанда қайдағы бір ыбылыс-ластыққа жайлатып бара жатқан кәпір тұқымды қалай қырсаңыз да, қанша қырсаңыз да сауап. Мен өзім ол найсаптарды оның өз қолымен бауыздауға әзірмін. Оларды осы қазір қылыштың астына алмасаңыз, алдымызды түнге айналдырсақ, қапы қалуымыз ықтимал, — деді.

– Хазірет жөн айтты (Ә.Кекілбаев).

4. Екі-үш күннен соң Жөнейт аңға шығатын болды, Дәулетті тұңғыш рет бірге алып жүрді. Соңдарына екі қызыл қайың тазыдан басқа ит те ертпеді. Осынша оңашаланатын да жөні бар. Көкбөрінің қайта-қайта арыз айтып келе беретініне қарағанда, Дәулеттің беттен қайырып тастайтын қасарысна мінезі болса керек. Қағызтпа әңгімеде есесін жібермейтін ауыздылығын өзі де байқаған... (Ә.Кекілбаев).

5. Түлейден шыға бере-ақ таң бозарды. Бұл ернекке шыққан соң, түнде әлдекімдер от жаққан тұсқа қарап еді. Қарайып оттың орны жатыр. Қасында жан жоқ (Ә.Кекілбаев).

Келтірілген мысалдардан байқағанымыз — сөйлемдердің бойында белгісіздік мәннің болуы. Алғашқы мысалда *Бесінге дейін біздің әскердің санынан асып кетуі мүмкін ...* деген толымсыз сөйлем. Осында әскердің санынан не асып кететіні белгісіз. Екінші мысалда *Ортөбелік шебер* деген толымсыз сөйлем. Ортөбелік шебердің іс-әрекеті белгісіз. Үшінші мысалда *Хазірет жөн айтты* деген толымсыз сөйлем. Хазіреттің нені жөн айтқандығы белгісіз. Төртінші мысалда *Қағызтпа әңгімеде есесін жібермейтін ауыздылығын өзі де байқаған* деген толымсыз сөйлем. Кімнің ауыздылығын байқағандығы белгісіз. Бесінші мысалда *Қарайып оттың орны жатыр* деген толымсыз сөйлем. От орнының қай жерде жатқандығы белгісіз. Бұл сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыштардың түсіп қалуынан белгісіздік мән туындаған. Яғни толымсыз сөйлемдердің бойында тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің түсірілуінен белгісіздік мән пайда болады.

Белгісіздік мән жай сөйлемдерді контекстен тыс алғанда аңғарылады. Жоғарыда сөз болған жалпылама жақты, белгісіз жақты, жақсыз, толымсыз сөйлемдерді контекстен тыс алғанда олардың бойынан белгісіздік мән байқалады. Ал осы сөйлемдер контексте белгілілік мәнге ие. Яғни жалпылама жақты, белгісіз жақты, жақсыз сөйлемдердегі белгісіз жақ пен толымсыз сөйлемдердегі белгісіз мүше контекстегі басқа сөйлемдер арқылы белгілілікке ие болады.

Демек, белгілілік/белгісіздік мәнді айқындауда да контекст қызметінің барлығын айтуға болады.

Контекст — тіл білімінде қарастырылып жүрген ауқымды мәселелердің бірі. Бұл мәселе қазақ тіл білімінде арнайы зерттелген жоқ. Лингвистикалық сөздіктер мен ғылыми еңбектерде түркітанушы-ғалымдар мен орыс тіл білімін зерттеушілердің берген түсіндірмелері мен анықтамалары бар. Қазақ тілі синтаксисінің маманы Ж.А.Жақыповтың 1998 жылы жарық көрген «Сөйлеу синтаксисінің сипаттары» атты еңбегінде тілтанушы-ғалымдардың контекст жайындағы ойлары қарастырылады. Мәселен, лингвистикалық терминдер сөздігінде бұл тілдік құбылыс жөнінде. «сөздің түрлі мәнін анық беретін, сақталмаған тиянақты ойды білдіретін сөйлемдегі сөздер тобы» [3] деген ой айтылады. В.И.Сергеевтің анықтамасы төмендегідей негізде: «Языковой контекст... — это внутрилингвистические условия употребления данной языковой единицы, образуемые окружением из других языковых единиц» [4]. Д.Э.Розенталь мен М.А.Теленкова контекстке: «Законченный в смысловом отношении отрезок письменной речи (текста), дающий возможность точно установить значение отдельного входящего в него слова или предложения данной языковой единицы в речи (языковое окружение, а в широком смысле также ситуация речевого общения)» [5], — деген анықтама береді. О.С.Ахманова контексті былайша сипаттайды: «1. Лингвистическое окружение данной языковой единицы; условия, особенности употребления данного элемента в речи; 2. Законченный в смысловом отношении отрезок письменной речи, позволяющий установить значение входящего в него слова или фразы» [6; 206].

Жоғарыда берілген анықтамаларды қарастыра келе, Ж.А.Жақыпов бірінші анықтаманың «олқылығы — контекст сөйлем ішінідегі сөздер тобы болып шығатындығы» екендігін, екінші анықтамада «контекстің сипаты нақтыланғанмен, оны тек тілдің өз ішіне ғана тән құбылыс ретінде шектеп, контексте экстралингвистикалық та сипат болатыны ескерілмегендігін, үшінші анықтаманың олқылығы — контекстің жазба тілмен шектелгендігі», ал В.И.Сергеевтің анықтамасынан «артықшылығы — сөйлеуді және экстралингвистикалық факторларды (сөйлеу ситуациясы) есепке алуы екендігін айтады.

О.С.Ахманова орыс тіл білімінде контекстің бес түрін айқындап көрсеткен: «Тұрмыстық (бытовой) контекст — қарым-қатынас жасаудың ауызша сөйлеудегі сөздер мен құрылымдық модельдерді таңдауды белгілейтін ситуациясы, сөйлеудің сөйлеу сигналының қысқаруына мүмкіндік беретін осының нәтижесінде күнделікті ауызекі эллипсистік стиль жасалатын ситуациясы. Метафоралық контекст — троптардың қос мәндік қатардың жарыса қызмет етуіне негізделген бір ізбен өрістейтін жиынтығы. Ситуация контексті — сөйлеу актісінің жүзеге асуының, осының мазмұнына ықпал ететін, белгілі бір мәдени орта арқылы белгіленетін шарттары. Театрлық контекст — театрлық орындау жағдайын туғызатын және пьеса текстің сахналық ремаркалар арқылы түсінілетін ситуациялық контекст. Топонимикалық контекст — осы аймаққа тән топонимдердің жиынтығы» [6; 207] (Ауд.: Ж.А.Жақыпов).

Ж.А.Жақыпов контекстің тіл мен сөйлеуге қатысты жайттардың бәріне араласып отыратындығын айта келіп, контекске мынадай сипаттама береді: «Контекст (латын сөзі, «тығыз байланыс», «бірігу» деген мағынаны білдіреді) дегеніміз — текстің мағыналық жағынан аяқталған бөлігі, бөлігі болғанда, оның құрамына кіретін сөздің я сөйлемнің мағынасын айқындауға мүмкіндік беретін бөлігі, бір тілдік единицаны сөйлеуде қолданудың шарты, тілдік орта, ситуация. Контекстің екі деңгейі болады: 1. Тар көлемдегі контекст (сөз мағынасын айқындайтын белгілі бір сөйлем); 2. Кең көлемдегі контекст (синтаксистік күрделі бірліктер, тарау, абзац — бұлар сөйлем семантикасын айқындайды)» [7].

Ж.А.Жақыпов контекстің тілдік құбылыстарға қатысы жайын да қарастырады. Мәселен, ғалымның: «Контекстің белгілі бір тілдік единицаның қолдану шарты екенін мойындасақ, дыбыстардың бір-біріне ықпалын да контекст аясында қарауға болады. Бұны фонетикалық контекст дейміз» [8]. «...Әр сөз, әр сөйлем, түпнұсқада да, аудармада да мәтіннің көптеген басқа элементтерімен байланысқа түсіп тұрады, сондықтан әрқашан, тіпті жеке сөз жайында, аудару процесінде контексті назардан тыс ұстауға болмайды.

Бір ғана тілдің семасиологиялық аясында алғанда да контекстің шешуші қызметін айқын көруге болады. Контекст полисемия, синоним, антоним, омоним, метафора, метанимия, синекдоха, жалқы және жалпы есімдер, фразеологиялық тіркестерде де мағына айқындау қызметін атқарады» [8; 34], — деген пікірлері контекстің ассимиляцияға, яғни дыбыстардың үндесуіне, байланысты сөйлеу барысында бірдей естілетін фонемалардың мағынасын айқындауда және лексикалық құбылыстарға, аудармаға ықпалының зор екендігін аңғартады.

Контекстің белгілілік/белгісіздік мәнді айқындауда да ықпалы орасан. Орыс тіл білімінде белгілілік/белгісіздікті контекстпен қатысты қарастырады. Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте мынадай ой айтылған: «Самым сильным средством выражения категории определенности является контекст, в высказывании «Женщина купила книгу», если оно находится в абсолютном инпродуктивном начале, оба имени могут быть неопределенными, но если это же высказывание находится в середине текста, оба имени могут быть определенными» [9]. Байқап қарасақ, орыс тіліндегі белгілілік/белгісіздік мәннің бұл берілу жолы қазақ тіліне де тән. Мәселен, *Медет жан серігі — домбырасын қатты сағынған. Қолына тиісімен, шерте жөнелмей, ең әуелі сағынған көңілмен сылап-сипап, саспай айналдыра қарап шықты. Өне бойында титтей де кіршік жоқ. Өзі бардағыдай қалтында. Асыл күн сайын бір сүртіп, шаң-тозаң қондырмай күтіп жүретін* (Е.Мырзахметов) деген абзацтағы соңғы сөйлемді абзацтың алғашқы сөйлемі етсек, мұндағы Асылдың шаң-тозаңнан күтетін заты белгісіз мәнге ие болады. Бұл сөйлем абзацтың соңында тұрғандықтан, белгілілік мәнге ие. Яғни, абзацтағы алдыңғы сөйлемдерден байқағанымыздай, Асылдың күн сайын сүртіп шаң-тозаң қондырмай күтіп жүретін заты — Медеттің домбырасы.

Төмендегі мысалдарды қарастырып көрейік.

*Таңбаға қол жеткізу қандай қиын болса, оны мүлтіксіз сақтаудың қиындығы да әсте кем соқпайды. Таңбамен қоса үш талон беріледі. Жасалған детальдан алда-жолда ақау шыға қалса, талонның біреуі жылтырады. Егер үшеуі де түгел жыртылса, онда таңба қайтып алынады. Одан кейін оған тағы да ие болу мүлдем қиындайды* (Е.Мырзахметов).

*- Қос балапанын қанаттанып кеткенше талғажасу етерліктей де бірдеңенің қалын ойламаптын. Ажал шіркіннің қай жағыңнан аңдып, қай қалпыңды тапқанын білмей де қалдым зой. Саған артыма қалдырған бар байлығым — Медетім мен Зейнебім. Аманатым да сол екеуі. Жылатпа, жарай ма? Сабыр ет, сөзімді бөлме. Екеуіне әкесі жасаған бар жақсылығы — сендей ана тауып бергені. Ақырғы жақсылығы саған тапсырған... осы аманаты болсын!* (Е.Мырзахметов).

Алғашқы мысалдағы *Егер үшеуі де жыртылса, онда таңба тартып алынады* деген сөйлем абзацтың орта тұсында берілген. Егер осы сөйлем абзацтың басында орналасса, мұндағы *үшеуі* деп

отырған сөз сөйлемге белгісіздік мән үстейді. Ал абзацтың ортасында орналасқандықтан, бұл сөйлемдегі белгісіздік мән алдыңғы сөйлем арқылы белгілілікке ие болады. Сонда мұндағы жыртылатын заттың *үш талон* екені белгілі. Ал екінші мысалда *Ақырғы жақсылығы саған тапсырған... осы аманаты болсын* деген сөйлем абзацтың соңғы сөйлемі. Егер осы сөйлем абзацтың алғашқы сөйлемі болса, мұндағы *аманат* сөзінің бойында белгісіздік мән болар еді. Алайда сөйлемдегі аманаттың қандай аманат екендігі ондағы сөйлемдер арқылы белгілі. Яғни аманаты — балалары Медет пен Зейнеп.

Жоғарыда сөз етілген белгісіздік есімдіктер, сілтеу есімдіктер, болжал мәнді модаль сөздер, белгісіз жақ, белгісіз мүше арқылы берілетін белгісіздік мәндердегі сөйлемдер контекстен тыс алынғанда белгісіздік мәнге ие. Ал контексте бұл сөйлемдер белгілілік мәнде болады. Себебі контекстегі өзге сөйлемдер белгісіздік мәнді толықтырып, белгілі етеді. Мысалы: *Алтауы бірдей қосыла сарнайды, қосылып шыңғырады: кісендерін сылдыратып, төбелерін төмпештейді. Күркені күзетіп тұрған қарулы жігіттер жекіген, рет жасап әлденені міңгірлейді. Оларын демдерін ішіне тартып төңірекке құлақ түріп жатқан жым-жырт ауыл естігенімен, арпалысып жүрген тұтқындар естір емес* (Ә.Кекілбаев).

Берілген мысалдың соңғы сөйлемінде белгісіздік мән басым. Ол белгісіздікті үстеп тұрған *ол* сілтеу есімдігі. Соңғы сөйлемді контекстен тыс алып қарасақ, ауылдың нені естіп, тұтқындардың нені естімейтіндігін аңғару қиын. Ал контексте ол белгілі. Алдыңғы сөйлем соңғы сөйлемдегі белгісіздікті толықтырады. Яғни жігіттердің жекіген рет жасап әлденені міңгірлегендерін ауыл естіп, тұтқындар естімейді.

Сондай-ақ *Медет жүрегі аттай тулап, кеудесіне сыймай кетті! Файыптан біреу сиқырлы шипа суын бүркіп жібергендей тұла бойы жеңілейіп кетті. Көңілін нешеден қажазған қатқыл ой бір-ақ сәтте гайып болды* деген мысалдың соңғы екі сөйлемінде белгісіздік мән бар. Ол белгісіздік контекстен тыс алынғанда аңғарылады. Контекстен тыс қарасақ, кімнің тұла бойы, кімнің көңілі екендігі белгісіз. Белгісіздік мән толымсыз сөйлемдегі анықтауыш мүшенің қатыспауынан туындаған. Ал осы сөйлемді контекст құрамында қарасақ, Медеттің көңілі, Медеттің тұла бойы екені белгілі. Соңғы сөйлемдердегі белгісіздікті алғашқы сөйлем белгілі етеді.

*Қара торғайларды Медет алғаш келген күні-ақ көрген. Содан бері ертемен тұрып, күн шығар алдындағы сиқырлы сұлу әндерін бар жанымен тебірене, жүрегі лүпілдей соғып, тыңдаумен келеді. Ақан сері атасының «Қара торғайын» ыңылдай айтып, көбіне көп қосыла отырады... Ол бүгін де шығар күнді ақ тілеуі көңілмен, қара торғайдың шырылдап шырқаған әнімен қарсы алып отырды.* Берілген мысалдың тағы екінші, үшінші сөйлемдері абзацтан тыс тұрғанда белгісіздік мәнге ие болады. Сөйлемдерде іс-әрекеттің, кимылдың субъектісі жасырын тұр. Жақ белгісіздігі бар. Яғни сұлу әндерді тыңдаушы кім?, «Қараторғай» әнін айтушы кім? — белгісіз. Ал контекст құрамында бұл белгісіздік белгілі болады. Сұлу әндер тыңдаушы да, «Қара торғай» әнін айтушы да — Медет.

Сонымен, қазақ тіл білімінде белгісіздік мән мәселесі түбегейлі зерттелмеген. Бұл зерттеуді қажет ететін мәселе. Біздің байқағанымыз, көркем текстен тыс алынған жақсыз, жалпылама жақты, белгісіз жақты, толымсыз сөйлемдерде белгісіздік мәнінің болатындығы. Мұндай сөйлемдерде белгісіздік мән белгісіз жақ және белгісіз мүше арқылы беріледі. Сонымен қатар контекст — белгілілік/белгісіздік мәнді айқындаудың бір жолы. Мысалдар көрсеткендей, белгісіздік ұғымдағы сөз қатысқан сөйлем контекстен тыс тұрғанда, ол сөйлемде «белгісіздік» мән болады. Егер ол сөйлем контекст құрамында болса, белгілілікке ие болады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ грамматикасы. — Астана, 2002.
- 2 Балақаев М.Б., Сайранбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Санат, 2003.
- 3 Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1966. — 83-б.
- 4 Сергеев В.И. Многозначность слова и контекстная семантика (проблемы лексикографической разработки полисемов) // Советская тюркология. — 1988. — № 1. — С.12.
- 5 Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. — М.: Просвещение, 1976. — С. 153, 154.
- 6 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. — М., 1966.
- 7 Жақыпов Ж.А. Аударматануды аңдату. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1993. —34-б.
- 8 Жақыпов Ж.А. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. — 32.
- 9 Лингвистический энциклопедический словарь. — М.: Советская энциклопедия, 1990. — С. 349.

Э.Н.Ажарбекова

## Об определенности / неопределенности, выраженной посредством неопределенного лица, неопределенного члена предложения и контекста

Для казахского языкознания категория определенности/неопределенности является вопросом нерешенным. В статье рассматриваются и анализируются факты определенности / неопределенности, относящиеся к казахскому языку. Выявлено, что такая семантика может выражаться посредством неопределенного лица, неопределенного члена предложения и контекста.

E.N.Azharbekova

## Expression of certainty / uncertainty by unspecified persons unspecified part of the sentence and the context

For Kazakh linguistics category of certainty/uncertainty is a undecided question. The facts of the expression of certainty/uncertainty, referring to Kazakh language are considered and analyzed in article. On material of the Kazakh language is revealed that such semantics can be Showing by unknowing face, of unknowing membe of sentence and context.

ӘОЖ 81'

Б.Досжанов

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана*

## Қазақ тіліндегі антропонимжасамдық қосымшалардың тілдік ерекшеліктері

Мақалада антропонимикалық аффикстердің ерекше қасиеттері мен оларға тән жалпы белгілер қарастырылды. Аффикстер табиғаты антропонимикалық жүйеге тән тұтастықта ашылды. Автор антропонимикалық аффикстер ерекшеліктері мәселелерін қарастырудың жаңа әдістемесін ұсынды.

*Кілтті сөздер:* қазақ есімдері, тілдің лексикалық қоры, қосымшалардың табиғаты, антропонимдік жүйе, антропонимжасамдық қосымша, еркелету аффикстері, кішірейту аффикстері, аффикстік тәсіл, лексикалық мағына, грамматикалық мағына.

Қазақ есімдері — тілдің лексикалық қорында өзіндік орны бар үлкен саланың бірі. Осыған орай оның құрамындағы қосымшалардың табиғаты да, антропонимдік жүйеге тән біртұтастығымен айқындалады. Сол тұтастықтың құралу себептерін анықтау барысы мәселені қарастырудың жанаша тәсілін ұсынады. Өйткені осы кешенді құрайтын алуан түрлі элементтерді «антропонимжасамдық қосымшалар» деген атаудың аясына топтастырып тұрған, оның шығу тегіндегі «кейбір жақындықтары»\* мен күнделікті қолданыстағы қызмет бірлігі дами келе, жаңаша сипатқа ие болып отыр. Кісі аттарын жасаушы қосымшаларды тілдік табиғатына қарай топтастырғанда Т.Жанұзақов антропонимдердің жасалу жолдарына байланысты зерттеуінде кісі аттарын жасаушы қосымшаларды, сөз таптарына тән қосымшаларды жеке алып және «еркелету, кішірейту аффикстері...», «антропонимдердің құрметтеу, сыйлау, қадірлеу аффикстері...», «антропонимдерді жасаушы аффикстер», «кісі аттарындағы көне аффикстік тәсіл» т.б. секілді түрлерін атап өтеді [1; 129–168].

\* *Ескерту.* «Кейбір жақындықтары» деуіміздің себебі, кісі есімдерінің құрамындағы қосымшалардың тұлғалық жағынан ұқсастықтары болғанмен, шығу тегі бойынша олардың бәрі бірдей ортақ негізден тарамдауы мүмкін. Мысалы, *-ақ* қосымшасы әрі түстің атауы, әрі еркелету, құрметтеу мәнді қосымша: *Жан-ақ* есімінің құрамын «жаны-ақ» деп те, *Жанарыс, Жанболыс* секілді есімдердің еркелету мәнінде түбірге қосымша (*-ақ*) өзгертілген түрі болуы да мүмкін. Этимологиясына жасалған талдаулар әр кезде әрқалай екенін көрсетіп отыр, сондықтан екеуін де жоққа шығаруға болмайды.